

ӘОЖ 316.6

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Белесова Нурсулу Абдигаппаровна

linni@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «педагогика және психология» мамандығының 1-курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Н.Албытова

Әлеуметтік интеллекттің қазіргі таңда алатын орны ерекше. Соның ішінде, ол білім беру жүйесінің бүгінгі ұрпақтың даму ерекшеліктеріне сай өзгеруі аясында ерекше мәнге ие болып отыр. Жаңа білім беру мазмұнының негізі білім алушылардың жеке тұлғасын дамыта отырып, олардың сыни ойлау қабілеттерге ие болуын және әлеуметтік барьерлерді жеңу дағдыларын игеруге негізделген.

Жалпы интеллект ұғымы адамның когнитивтік қабілеттерге негізделеді. Тұлғалық даму барысында адам балалық шағынан осы когнитивтік қабілеттерін үнемі дамытып отыратыны анық. Тұлғаның өзін іске асыруы үшін табиғи интеллект пен креативтілік-шығармашылықты дамытуың маңызы зор. Алайда, интеллект пен креативтілік адамның өмірде табысты болуы үшін жеткіліксіз (немесе табиғи интеллект жетістікке жетуге әрдайым мүмкіндік бермейтін) фактор екенін өмірлік тәжірибе дәлелдеп отыр. Интеллект коэффициенті оның өмірде тұлғааралық қарым-қатынаста белсенділігін және басқа адаммен тиімді диалог құра білу дағдыларын қамтамасыз етпейді. Осы тұрғыда адамның өзге тұлғалық қабілеттері мен ерекшеліктеріне назар аудару қажеттілігі туындаған.

Әлеуметтік интеллект деген ұғым қоршаған орта мен интеллект арасындағы өзара байланысты сипаттайтын құбылыс. Жалпы, әлеуметтік интеллект ұғымы когнитивтік ғылымдар кеңістігінде ХХ ғасырдың бас кезінде пайда болған. ХХ ғасырдың 90 жж. адамның өмірде және қызметте жетістікке жетуі үшін, ең бастысы, айналадағы адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілеттілігінің болуы жиі талқыға салынатын. Қарым-қатынас дағдылары тұлғааралық қатынастар жүйесінде тиімді әрекет ету, әлеуметтік жағдайларға бейімделу, басқа адамдардың жеке ерекшеліктері мен эмоционалды жағдайларын дұрыс анықтау, олармен қарым-қатынас жасаудың тиімті тәсілдерін таңдау және өзара әрекеттесу процесінде жүзеге асырудан көрініс береді. Дәл осы идеялар эмоционалды және әлеуметтік интеллектті арнайы зерттеу нәтижесінде пайда болды.

Әлеуметтік ортада тұлғаралық қарым-қатынастың тиімділігін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз ететін интеллекттің аталған түрі бірқатар авторлардың еңбектерінен

орын алған. Э.Торндайк интеллекттің үш компонентті моделін қарастырды: абстрактілі интеллект, механикалық интеллект және әлеуметтік интеллект. Соңғысын ол «...адамдарды (ерлер мен әйелдерді, ұлдар мен қыздарды) түсіне білу және оларды басқару, адами қарым-қатынаста ақылмен әрекет ету» деп анықтаған [1]. Торндайктің мінез-құлықтық көзқарасы әлеуметтік интеллекттің екі аспектісін: танымдық және мінез-құлық тұрғысынан қарастырды.

Өткен ғасырдың 60-жылдары Дж.Гилдфорд, әлеуметтік интеллектті өлшеуге арналған алғашқы сенімді тестті жасаушы, оны жалпы интеллект факторына тәуелсіз және ең алдымен мінез-құлық ақпаратымен байланысты интеллектуалды қабілеттер жүйесі ретінде қарастырды. Дж.Гилдфордтың интеллект моделі үш өлшемді болжамға негізделген, олардың комбинациясы әртүрлі зияткерлік қабілеттерді анықтайды. Әлеуметтік зияткерлікті өлшеу мүмкіндігі ғалымның интеллект құрылымының жалпы моделінен туындайды.

Дж. Гилфорд және оның әріптестері Оңтүстік Калифорния университетінде жиырма жылдан астам уақыт бойы жалпы қабілеттерді өлшеу үшін тестілік бағдарламаларды жасау мақсатында жүргізген факторлық-аналитикалық зерттеулері интеллект құрылымының кубтық моделін құрумен аяқталды. Бұл модель ақпаратты өңдеуді сипаттайтын үш тәуелсіз айнымалыға сәйкес жіктеуге болатын интеллекттің 120 факторын ажыратуға мүмкіндік береді. Бұл айнымалылар келесідей:

- 1) ұсынылған ақпараттың *мазмұны* (стимулдық материалдың сипаттамасы);
- 2) ақпаратты өңдеу *операциялары* (ақыл-ой әрекеттері);
- 3) ақпаратты өңдеу *нәтижелері*.

Дж.Гилфорд операцияны – танымды (С) ерекше бөліп көрсетті және өзінің зерттеуін мінез-құлықтық (ST) танымға бағыттады. Бұл қабілетке 6 фактор кіреді:

Мінез-құлық элементтерін тану (СВU) – мінез-құлықтың вербалды және вербальды емес көрінісін контекстен оқшаулау мүмкіндігі (қабілеттілік гештальт психологиясындағы «фигураны фоннан» оқшаулау мүмкіндігіне жақын).

Мінез-құлық кластарын тану (СВС) – мінез-құлық туралы экспрессивті немесе ситуациялық ақпарат ағынында ортақ қасиеттерді тану мүмкіндігі.

Мінез-құлық қатынастарын тану (СВR) – бұл мінез-құлық туралы ақпараттың бірліктері арасындағы қатынастарды түсіну мүмкіндігі.

Мінез-құлық жүйелерін тану (СВS) – адамның өзара әрекеттесуінің интегралды жағдайларының даму логикасын, осы жағдайларда олардың мінез-құлқының мәнін түсіну қабілеті.

Когнитивті мінез-құлық өзгерісін тану (СВТ) – әр түрлі ұқсас ситуациялық контекстегі мінез-құлықтың (ауызша немесе вербальды емес) өзгерістерін түсіну мүмкіндігі.

Мінез-құлық нәтижелерін тану (СВI) – қолжетімді ақпарат негізінде мінез-құлықтың салдарын алдын-ала болжау мүмкіндігі [2].

Әлеуметтік интеллект пен жалпы интеллект арасындағы байланыс ғалымдардың бірқатар зерттеулер жүргізуіне септігін тигізді. Аталған тұжырымды Г.Айзенк өз еңбегінде қарастыра отырып, интеллекттің дара 3 теориясы бар екендігін көрсетті:

1. Биологиялық интеллект танымдық әрекеттің физиологиялық, нейрологиялық, биохимиялық және гормоналдық негіздерінен құралады.

2. Психометрикалық интеллектте әлеуметтік-мәдени факторлардың (тәрбие, мәдениет, білім, әлеуметтік-экономикалық статус және т.б.) даму деңгейін стандартталған тесттер (IQ) нәтижесінде анықтауға болады.

3. Әлеуметтік интеллект – әлеуметтену және әлеуметтік-мәдени шарттардың әсерінен индивидтің интеллектісінің қалыптасу үдерісі [3]. Автордың пікірінше, әлеуметтік интеллект алғашқы екі сатыдан ерекше, және олардан әлдеқайда күрделі үдеріс.

Бүгінгі білім беру жүйесінде тұлғааралық қатынастарды, атап айтқанда, педагог пен білім алушылардың және ұжымдағы (білім алушылар ұжымы, педагогтар ұжымы) өзара әрекеттесуіндегі қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруды қажет етеді. Педагогикалық

мамандықтың ерекшелігі – білім бере отырып, кез келген адамды тұлға ретінде қабылдап, оның өмірде өз орнын табуға ықпал жасауы.

XXI ғасырда қоғамда орын алып жатқан даму, соның негізінде отбасылық және адам құндылықтарының өзгеріске ұшырауы, адам-адам бағытында қызмет жасайтын мамандарды даярлайтын білім мазмұнын түбегейлі өзгертуге алып келді. Кез келген өзгеріс прогресс, тұрақсыздық, он/теріс нәтижелер және тұлғалық стресс арқылы өтетіні сөзсіз. Заманауи технологиялардың дамуы ақпараттың қолжетімділігіне, ал ол білімді сенімді және сенімсіз, расталмаған ақпараттардан алуға негізделіп жүр. Жалпы ақпарат легінің нормадан тыс көп болуы, адамның қабылдауы, ойлауы және есте сақтау қабілеттеріне кері әсері болады.

Бүгінгі жағдайды және болашақты болжай отырып, педагогикалық мамандарды даярлауда назарға алатын бірқатар ережелер бар. Олардың ең басыты – педагогтің қарым-қатынас құру дағдыларын қалыптастыру. Э.Торндайк атап көрсеткен үшсатылы интеллекттің ең бастысы – әлеуметтік интеллект, оның түйіні адам мен адамның өзара түсіністік негізінде диалог құра білу қабілетінде жатыр.

Отандық ғалым Н.Албытова өз зерттеулерінде: «...педагог-психолог болашақта кәсіби жетістіктерге жетіп, өсуі үшін, ол мансабының алғашқы кезінен-ақ уақыттың жаңа талаптарына дайын болып, бір қадам озық жүріп отыруы қажет», - деп көрсетті [4]. Әлеуметтік интеллектке ғалым Вернон сипаттама беру барысында оны адамдардың өзара тіл табысуы, әлеуметтік әрекеттесу техникасын меңгеру, қарым-қатынаста өзін еркін ұстау, әлеуметтік топтар мен жеке адамдардың стимулдарын сезіну, сондай-ақ таныс емес адамдардың бір мезеттік мінез ерекшеліктерін түсіне отырып, қатынас жасауы деп анықтады [5]. Осы тұрғыда, ертеңгі ұрпақтың мінез-құлқын алдын-ала болжай отырып, қызығушылықтары мен бағыттылығын анықтап әлеуметтік интеллекттің мінез-құлықтық аспектісін назарға алу ұсынылады. Яғни, болашақ педагог өзінің білім алушысының жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-танымдық әрекетте тиімді нәтиже беретін әдістерді қолдана отырып, білімді игертуі қажет. Білімді игерудің нәтижесінде білім алушының бойында кәсіби бағдарлылық, әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары және креативті, сыни ойлау қабілеттері қалыптасуы қажет.

Әлеуметтік интеллектке онтологиялық статус бермесе де, оны жалпы интеллекттен бөлек қарастырған Г.Айзенк оқу-танымдық әрекеттің әлеуметтік-мәдени мазмұнына ерекше мән берген. Білім беру үдерісі, психологтың пірінше, индивидтің қоғамда қалыптасқан жоғары мәдениеттілікті игеруіне, оның іс-әрекеті мен болмысын дұрыс қалыптастыруға ықпал жасауы тиіс.

Қорыта айтқанда, болашақ педагогтар әлеуметтік интеллект мазмұнын біле отырып, оны өз кәсіби іс-әрекеттерінде қолданып, адами қарым-қатынастың негізін түсіне білуге дағдылануы қажет. Жоғарыда аталған теорияларға сәйкес, білім алушының биологиялық (денсаулығы, физиологиялық ерекшеліктері), танымдық процестерін, жеке тұлғалық қасиеттері мен белгілі бір мерзімде пайда болатын мінез ерекшеліктерін білуі қажет. Аталған факторларды толық меңгергенде, педагогикалық әрекет тиімді нәтижеге бағытталады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Thorndike E.L. Intelligence and its uses // Harper's Magazine. — 1920. — № 140. — С. 227-235.
2. Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта // Психология мышления / Под ред А.М. Матюшкина. – М., 1965. - с.433-456.
3. Айзенк Г. Ю. Интеллект: новый взгляд //Вопросы психологии, 1995. –№1. –С. 111–131.
4. Албытова Н.П., Смаилова С.К. Болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке даярлауды жетілдіру //Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Жұмабекова Фатима Ниязбекқызының 60 жылдық

мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар жинағы//Астана: ЖҚС «Идеал ИС 2009», 2018. – 289-291 б.

5. Vernon, P.E. (1933) Some characteristics of the good judge of personality // Journal of Social Psychology, 4. P. 42–45